

**"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1394 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы
» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С.Ахметов
Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгеріс пен толықтыру
енгізу туралы**

1-бап. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат, № 9, 51-құжат, № 16, 83-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) 29-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:
«2-1) жұмысқа алғаш кірген жас маманмен екі жылдан кем емес белгілі бір мерзімге
; » ;

2) 36-баптың 5-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«он сегіз жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ орта білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірген, оларды бітірген күннен
бастап бір жылдан кешіктірмей алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш кіретін
а д а м д а р ғ а ; » .

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК